

**Ушқатты мектеп – бөбекжай – балабақша кешені
КММ – нің АӘТД пәні мұғалімі Қазиев Нұртлеу
жүргізген жұмысының III тоқсан есебі
(2023 – 2024 оқу жылдарының екінши жарты жылдығы)**

Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғаныс» туралы заңының 2013 жылғы 15 тамыздағы З-пунктіне сәйкес Қазақстан Республикасының «Табиғи және техногенді төтенше жағдайлар» заңына, Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғаныс» заңының нұсқауына орай, Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар іс-шараларын үйімдастыруды басқару мақсатында «Ушқатты мектеп – бөбекжай – балабақша кешені» КММ – де Өрт жағдайындағы эвакуациялық жаттығуы ағымдағы жылдың 13 наурыз күні өткізілді.


Оқу мақсаттары:

«Ушқатты мектеп – бөбекжай – балабақша кешені» КММ өрт пайда болған жағдайда азаматтық қорғау іс-шараларын орындауға дайындығын тексеру.

Басшылық құрам мен оқушылар құрам үшін өрт пайда болған кезде азаматтық қорғау іс-шараларын үйімдастыруға және жүргізуге практикалық дағдыларды жинау.

Оқушылар үшін – өрт пайда болған кездегі мектепке дейінгі үйімда сауатты іс – қимылдар мен дұрыс жүріп-тұру ережелердің дағдыларын үйрену.

Өрт жағдайындағы эвакуациялық жаттығудың қатысушылары:
басшылық, оқушылар, кіші қызметкерлер.



**Үшқатты мектеп – бөбекжай – балабақша кешені
КММ – нің АӘЖТД пәні мұғалімі Қазиев Нұртлеу
жүргізген жұмысының IV тоқсан есебі
(2023 – 2024 оқу жылдарының екінши жарты жылдығы)**

04.05.2024 жылы Үшқатты ауылы «Үшқатты мектеп – бөбекжай – балабақша кешені КММ – нің АӘЖТД пәні мұғалімі Қазиев Нұртлеудің ұйымдастыруымен 10 – 11 сыныптар ер балдар арасында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің 32 жыл толуына және 7 – мамыр Отан Корғаушылар күніне орай әскери – спорттық көпсайыстан жарыс өтті.

Әскери-спорттық көпсайыс әскери-қолданбалы спорт түрлеріне жатады. Жауынгерлердің спорттық дайындығына әрқашан ерекше көңіл бөлінді. Өйткені, бұл әскери өмірдің барлық ауыртпалықтарын женуге дайын нағыз жауынгерді елестету қыын болатын күш, ептілікті дамытуға мүмкіндік беретін спорт. Көпсайыстың айрықша ерекшелігі-әртүрлі спорт түрлері мен олардың элементтерін қосу.

Әскери-спорттық көпсайыс-әр түрлі және ойын-сауық спорты. Пән спортшылардан ерекше шеберлікті, жан-жақты дағдылар мен білікті, физикалық және еріктік қасиеттерді талап ететін әртүрлі спорттық бағыттарды қамтиды: күш, ептілік, жылдамдық, төзімділік, батылдық, табандылық, шылдамдылық, бағдарлау жылдамдығы, тәртіп.

Әскери-спорттық жарыстардың мақсаттары:

1. Жастардың азаматтығын, патриотизмін, Отанды қорғауға дайындығын тәрбиелеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
2. Салауатты өмір салтын насихаттау;
3. Әскери-қолданбалы спорт түрлерін дамыту;
4. Әскерге шақырылғанға дейінгі және әскерге шақырылған жастармен жұмыстың жаңа нысандарын іздеу.

Тапсырмалар:

1. Жастардың Отан тарихын, Қазақстан армиясының тарихын зерделеуі;
2. Өзара көмек және жолдастық қолдау сезімін тәрбиелеу;
3. Әскерге шақырылуға дейінгі және әскерге шақырылатын жастардың дене шынықтыру, техникалық және тактикалық даярлығының деңгейін арттыру;
4. Әскери-спорттық жарыстарға қызығушылықты дамыту және танымал ету;
5. Мықты спортшыларды анықтау;
6. Жас азаматтарды әскер қызметінде қажетті дағдыларды игеруге тарту.




Окушылар келесі бағыттар бойынша бақ сынасты:

1. Күш жаттығулары: жоғары барда тартылу-жас жігіттер; денені жатып көтеру-қыздар. "Бурпи" жаттығуларын орындады. Ол бұлшықет күшін, төзімділікті дамытуға және жылдамдық көрсеткіштерін жақсартуға бағытталған. Арқан тарту.
2. Азаматтық қорғай: уақытты ескере отырып, өзіне жалпы әскери қорғаныс жиынтығын (ОЖҚ) және ГП-5 газқағарын киу.
3. Техникалық пән: АК-74 бөлшектеу және құрастыру.
4. Пневматикалық винтовкасын ату.

Әскери-спорттық көпсайыстан командалық есепте окушыларымыз қатысып, жүлделі орындарға ие болды:

- 1) I – орынға «Айбын» командасы
- 2) II – орынға «Қыран» командасы ие болды



Жеке біріншілікте үздік «Жас сарбаз» номинациясымен 11 – сынып окушысы Асарбаев Айдос пен 10 – сынып окушысы Еділбайұлы Ернұр марапатталды.



04.05.2024 жылы Үшқатты ауылы «Үшқатты мектеп – бебекіжай – балабақша кешені КММ – нің АӘЖТД пәні мұғалімі Қазиев Нұртлеудің Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің 32 жыл толуына және 7 – мамыр Отан Қорғаушылар күніне орай «Мерген ару – 2024» пневматикалық винтовкасын атудан қыздар арасында мектепішілік сайыс өткізілді.

Сайыстың мақсаты – бұқаралық спортты дамыту, арулардың бойындағы қырағылық пен мергендікті шындау, оқушыларды ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу. Кеңес одағының батырлары Ә.Молдагұлова, М.Мәметовалардың ерлігі мен есіміне тағзыым ету. Әскери – қолданбалы спорт түрлеріне шыдамдылық, жылдамдық, қасиеттерін дамытып, оқушы қыздарды жүйелі түрде мергендік үйірмелеріне тарту болатын.

Пневматикалық мылтықтан ату және қаруды толық емес бөлшектеу және жинақтау бойынша мерген қыздар сынға түсіп, өз шеберліктерін көрсетті.



АӘЖТЖ пәні ұймадастырушысы Казиев Н.К Қазиев Н.К